

Г.К. Кортабаева*, Ж.Е. Мұратбекова

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(e-mail: turki_alemi@mail.ru; mzhanel583@gmail.com)*

Қазақ және қытай тілдеріндегі жұмбақтардың этнолингвистикалық сипаты

Жұмбақ — халық өмірінің бай тәжірибесін, дүниеге эстетикалық және этикалық көзқарасын білдіретін көне жанр. Халықтың болмысымен ежелден біте қайнасып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан жұмбақ жанрының табиғатын сипаттау үшін ұлттық дүниетанымды терең түсінуіміз керек. Жұмбақты шешу барысында кездесетін түрлі ақпарат арқасында адам өзінің білімін, ойлау процесін жетілдіреді. Мақаланың басты мақсаты — қазақ және қытай тілдеріндегі жалқы есімді жұмбақтарды этнолингвистикалық тұрғыдан сипаттау. Зерттеу әдісі ретінде қазақ және қытай тілдеріндегі дереккөздер мен материалдарды саралау, жіктеу және жүйелеу әдістері қолданылды. Зерттеу жұмысының нәтижесі көрсеткендей, қазақ және қытай жұмбақтарының құрамындағы жалқы есімді талдау проблемасы жалқы есімнің ерекшелігін түсінумен, ұлттық менталитетпен, мәдениетаралық коммуникациямен анықталған біліммен, фольклорлық ерекшеліктерді белгілеумен тығыз байланысты. Жалқы есімдер әр халықта өзіндік ерекшеліктерге ие. Жалқы есімдер мақал-мәтел мен фразеологизмдердегі сияқты жұмбақтарда да кездеседі. Олар тек өзінің жалқылық мағынасында ғана емес, толып жатқан ауыспалы, туынды және символикалық мағыналарда да көрініс табады.

Кілт сөздер: жұмбақ, ономастика, менталитет, иероглиф, метафора, жалқы есім.

Кіріспе

Жұмбақтар — әр халықтың менталитетінде кездесетін рухани-мәдени байлықтың үлкен бір қызықты саласы. Жұмбақ халық өмір-тіршілігімен тығыз байланысты, ондағы сан алуан заттар мен құбылыстарды екінші бір зат, құбылыстармен салыстыра, салғастыра отырып, олардың астарлы мәнін, түр-тұлғасын, іс-әрекетін, басқа да ұқсас ерекшеліктерін айқындап, көркем сөзбен бейнелеу арқылы жасалады. Онда әр халықтың тұрмыста, өмірде кездестірген заттары, оқиғалары туралы ойы, қиялы бейнеленген. Жұмбақ жасаушы мотивтер ұлттық менталитет пен дүниетанымға, байырғы ұғымдар мен көне салт-дәстүрлерге негізделеді [1; 7].

Жұмбақ — әр халықтың рухани өмірінде танымдық қасиетімен, терең мазмұн-мағынасымен ой қозғап, тапқырлыққа, зейінділікке баулитын тәрбиелік мәні зор ауыз әдебиетінің ықшамды жанры. Қытай жұмбақтары өз тарихын көне заманнан бастайды. Қытай жұмбақтары қытай иероглифтарының формасымен, айтылуымен және мағынасымен тығыз байланысты.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Зерттеу жұмысының мақсаты — генеологиялық тілдер тобы жағынан екі түрлі қытай және қазақ тілдеріндегі жұмбақтарды этнолингвистикалық тұрғыдан қарастыру. Халықтың болмысымен ежелден ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан қазақ және қытай жұмбақтарының табиғатын сипаттау үшін осы екі халықтың ұлттық дүниетанымын терең пайымдау керек.

Осы мақсатқа жету үшін мақалада келесі міндеттер қойылды: қазақ және қытай тілдеріндегі жұмбақтарды зерттеудің теориялық негіздерін зерделеу; жалқы есімді жұмбақтардың этнолингвистикалық сипатын ашу; этнолингвистикалық критерийлерді басшылыққа ала отырып, қазақ және қытай тілдерінің жұмбақтарын талдау; жұмбақтардың екі тілдегі бейнесін этнолингвистикалық ерекшелігін анықтау.

Методология және теориялық негіз

Қазақ жұмбақтарының алғашқы үлгілерін жүйелі түрде жинау, жариялау ісі В.В. Радлов, А. Лютш, П.М. Мелиоранский, В.В. Васильев, Ә.А. Диваевтан, т.б. ғалымдардың еңбектерінен бастау алады. 1940 жылы ғалым С. Аманжоловтың тақырыптық топтарға жіктелген жұмбақтар жинағы жарық көрді. Жұмбақ табиғаты туралы тұщымды пікір қалдырған ғалым-жазушылар М. Әуезов,

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: turki_alemi@mail.ru

М. Ғабдуллин, С. Мұқанов, Ә. Марғұлан, т.б. болды. Қазақ халқының жұмбақтарын арнайы зерттеген ғалымдар қатарына М. Әбжанов, Ж. Адамбаева, К. Шамшадин, Н. Оңғарбаеваны қосамыз. М. Ғабдуллин жұмбаққа фантазиядан да деректілік, нақтылық басым келеді, адамның көз алдындағы, күн сайын көріп, біліп отырған нәрселерден алады дейді. Ауыз әдебиетінің басқа түрлерімен салыстырғанда жұмбақтың ерекшелігі де сол — уақыт өте келе өсу, ұлғаю процесінде болады [2; 122].

Қытай жұмбақтарының шығуы және халықтың әлеуметтік-мәдени өміріндегі орны туралы мәселе әлі де көптеген ғалымдарды қызықтырады. Ол алғаш рет V ғасырдағы еңбектерде айтылады. Мысалы Лю Се (386-581) әдебиеттанушы Винсент Диаолонның «Literary Consciousness and Dragon Engraving» атты еңбегінде: «Жұмбақ сөздер орындарын ауыстыру арқылы ребус жасайды» делінген [3; 56].

Қытай ғалымы Фу Джаофаның айтуы бойынша, жұмбақ — метафоралық өрнек, онда бір объект соған қандай да бір ұқсастығы бар басқа объект арқылы бейнеленеді. Соның негізінде жұмбақ жауабы ойланып шешімі табылуы керек. Қытай халқы мәдениетінде жұмбақтарды түрлі мерекелерде қолдануы мүмкін.

Зерттеу әдістері

Мақаланы жазуда деректердің негізгі көзі ретінде қытай және қазақ тілдеріндегі материалдарды саралау, жіктеу және жүйелеу әдістері қолданылды.

Зерттеуде қойылған міндеттерді орындау үшін келесі әдістер пайдаланылды: сипаттау, салғастырмалы, семантикалық талдау, компоненттерді талдау әдісі, лингвомәдени талдау әдісі, бағалау сипаттама тәсілі. Зерттеуде негізгі қолданылған материалдар ретінде К. Шамшәдиннің «Қазақ жұмбағы», Н.Б. Оңғарбайдың «Қазақ жұмбақтарының тілі (этнолингвистикалық зерттеу)» жұмыстары және қытай тіліндегі жұмбақтарға байланысты А.Л. Мышинскийдің «Семантические и семиотические особенности иероглифических загадок» еңбектерін ерекше атауға болады.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау

Әр халық жаратылыстың сыры мен құпиясын талдап, оны жұмбақтап және шешуге талпыныс жасайды. Жалқы есімдерді тіл білімінің «ономастика» деп аталатын саласы зерттейді, сонымен бірге жалқы есім жиынтығын — қазіргі ғылымда онимдерді атау үшін қолданады [4; 10].

Тіліміздегі жалқы есімдер атауларынан халықтың таным-түсінігін, қоршаған ортаны, дүниені танып-білудегі ұлттық ерекшеліктерді көруге болады. Қазақ және қытай тілдеріндегі жұмбақтарда халықтың рухани, әлеуметтік және материалдық мәдениетіне қатысты ақпараттарға толы болады.

Мысалы:

*«Қатар – қатар тас қойдым,
Жиреншемді бос қойдым»* (Тіл)

Жиренше шешен тарихта болған, өз Жәнібек ханның тұсында өмір сүрген, ханның уәзірі болған. Қазақ халқы аталы сөзді, шешендікті аса қадір тұтқаны ежелден белгілі. Аңыз-әңгімелердің дерегі бойынша ол Қазақ хандығын құруда ханға көмектесе отырып, пайдалы кеңестерімен халық бұқарасының атынан сөйлеген жезтаңдай, тапқыр, шешен болған. Жиреншенің атынан айтылып, халық жадында сақталған аңыз-әңгімелер мен шешендік сөздер өте көп.

«Төлебайдың төрт ұлы,

Төбелесіп келеді.

Ерубайдың екі ұлы

Ерегесіп келеді.

Алдындағы Аңғарбай

Шөпшек теріп келеді.

Артындағы Артықбай

Шыбын қағып келеді» (Түйенің екі өркеші, төрт аяғы, құйрығы)

Жалқы есімді жұмбақта ұйқас үшін ассонанс пен аллитерация қолданылады. Жұмбақтың әр жолы *е, т, ж* дыбыстары арқылы басталып, ерекше айшық түзіп, жұмбақты әсерлі, образды жеткізуге ықпал жасайды. Бұл жұмбақты түйенің тайраңдаған төрт аяғы мен ербиген екі өркешін, «шөпшек» терген аузы мен «шыбын қаққан» құйрығын қазақ баласы ғана шеше алады [5; 119].

Жалқы есім тұспалдаған нәрсенің мағынасына қатысты болып, белгілі бір мәлімет бере алады. Сондай-ақ жұмбақты ықшам, әсерлі образды жеткізуге ықпал жасайды әрі оның ырғақ жағынан мүсіндеуге септігі айрықша.

Мысалы:

*«Қырдан қарайман көрдім,
Судан Сүлеймен көрдім,
Қайырылып тұрған тас көрдім,
Тұзсыз піскен ас көрдім»* (Диірмен, балық, қауын)

Су иесі Сүлеймен — қазақ ұғымында он сегіз мың ғаламның тілін (аң-құс, ағаш-өсімдік, бақашаян, шыбын-шіркей т.с.с.) тілін білген су иесі, су құдайы. Ежелден адамдардың діни дүниетанымында Жер, Су, Ай, Күн, От, т.б. табиғат ортасы табыну нысаны болған.

Қазақ халқының дүниетанымында судың иесі саналатын, тіршілік ететін жағымды және жағымсыз мифологиялық бейнелерге қатысты түсінік ерте заманнан қалыптасқан. Олардың қатарында Су иесі Сүлеймен, Су енесі, Суын, Су жылқысы, Су перісі, т.б. аңыз бейнелерді атауға болады. Су иесі Сүлеймен формуласының пайда болуына XVI ғасырда өмір сүрген түркияның патшасы Сүлейменнің себебі болуы да мүмкін. Сондықтан балықтың Сүлейменнің есімімен ауыстырылуы осыда жатқан болса керек [6; 99].

*«Алып соғып арс етті,
Даусы Самарқанға жетті»* (Мылтық)
*«Қара күшігім қаңқ етті,
Даусы Бұқараға жетті»* (Мылтықтың даусы)

Бұл жұмбақтардағы **Самарқан, Бұқар** — көне қаланың аттары. Самарқан — IV ғасырда Марақанда деген атпен белгілі болған, Зеравшан өзенінің аңғарындағы Орта Азиядағы көне қалалардың бірі. Ал Бұқар қаласы — б.з. І ғ. көне қалалардың бірі.

Жұмбақта құбылтудың бір түрі әсірелеуді кездестіреміз. Әсірелеу дегеніміз — ойды көркем, бейнелі жеткізу үшін бір затты немесе құбылысты әдеттегісінен гөрі үлкейтіп, асқақтата, әсерлеп беру тәсілі. Жұмбақтағы «алып» деген сөздің шешуі — мылтық, оның даусының қаттылығы бір қиырдағы Самарқанға жетеді деу адам сенгісіз, тек әсерлік үшін алынған.

Келесі жұмбақта күнделікті өмірде жиі пайдаланатын құман былайша сипатталады:

*«Мұрны ұзын, аузы көрдей, қара кемпір,
Төркіні Бұхар жақта, өзі жесір,
Бір күні қашып бір кетер-ау деп,
Сыртынан бес кісіні қойдық кепіл».*

Жұмбақтың шешуі құманды қара кемпірге теңейді, «Төркіні Бұхар жақта, өзі жесір» деген тіркес арқылы Бұхар шаһарын тұспалдап тұр.

*«Бір су бар Шыршық деген қалқып аққан,
Бетіне бетегесі шығып жатқан.
Қарайсың, міне, соған тамашалап,
Сол судың кете алмайды дәмін татқан»*

Жұмбақтағы **Шыршық** атауы — Өзбекстандағы Ташкентке жақын жатқан өзеннің аты.

Тағы бір мысал:

*«Шешесі мәсісін кигенше,
Қызы Мәскеуге барып қалды»* (Түтін)

Жұмбақта түтіннің жылдамдығы ақылға сыймайтын көріністе бейнеленген.

Жұмбақта кез келген құбылыс басқа бір құбылыспен салыстырыла отырып сипатталады. Адам айналасындағы, әлемдегі түрлі құбылыстарды бір-бірімен салыстыру арқылы таниды.

*«Тақырда Аймағамбет өліп жатыр,
Қасында есек жемі толып жатыр»* (Ай мен жұлдыз)

Бұл жұмбақта **Аймағамбет** деген кісіні мегзей отырып, Айды жұмбақтайды, тыңдаушыға «ай» сөзі арқылы тұспалдап отыр.

Келесі жұмбақта ас ішу салтын және соматизмдердің қызметі суреттеледі:

*«Бисмиллә отызға берді,
Отыз Митанға берді,
Митан Шитанға берді,
Шитан ары қарай итере салды».*

Мұсылмандық ғұрыпта тамақты ішерде «бисмиллә» деп айтады, он саусақ, отыз – тіс, **Митан** – тіл, **Шитан** – көмейді тұспалдап тұр. Демек, аталған мүшелердің қызметі нақты сипатталады. К. Шамшәдиннің айтуынша, «қазақта Митан, Шитан деген адам аттары жоқ, олар тек ұйқас үшін алынған есімдер» [7; 159].

«Аузы қара індікеш,
Түбі қара қиямет,
Ән шақырған Мұхаммед» (Пеш, мұржа, түгін)

немесе

«Бабалар сөзі» томдығынан алынған жұмбақта:

«Әлемде мәне болған бір бәйтерек,
Төрт түбірек төңіректе болса керек.
Санасаң жапырағы отыз үш мың,
Табарсың, ақылың кәміл болса зерек»

(Мұхаммед пайғамбар, төрт шадияр, отыз үш мың сахаба)
Мұхаммед пайғамбар — ислам дінінің негізін салушы, әлемдегі бір бәйтерек деп жұмбақталып

тұр.

«Айтамын мен бір жұмбақ сарасынан,
Мекке мен Мәдинаның арасынан.
Тамаша, сірә, мұндай көрдіңдер ме,
Анасы туады екен баласынан» (Қалып)

және

«Меккеде бір ағаш бар түбі жуан,

Он екі ұлы, алпыс қызы бір күн туған» (Адамның он екі мүшесі, алпыс тамыры) деген жұмбақ мәтінінде Мұхаммед пайғамбар, Мекке, алғашқы астанасы Мәдина қалаларының атауы қолданылған.

«Бір үйде бір қыз көрдім екі есікте

Бір жігіт оған келіп кездесіпті.

Көтеріп қыз аяғын «Сұқыба» айтып,

Екеуі бір кәліме сөйлесіпті.

Келер жігіт жалғыз келіп өді,

Қайтарда ашты екеуі бір есікті» (Әзірейіл, жан, адам)

Бұл жұмбақтағы **Әзірейіл** — Аллаға жақын періштелердің бірі, жан алғыш періштенің есімі. Адамды жаратар алдында Алла жердің әр тұсынан саз әкелуге періштелерін жұмсайды. Жер оларға қарсылық көрсетеді. Жәбірейіл де, Мекайыл мен Ысрапыл да жерден бір шөкім саз үзіп ала алмайды. Бұл шаруаны Әзірейіл ғана атқара алған, осы қаталдығы үшін ол жан алғыш бас періште болып тағайындалған. Адамға ажал мезеті жеткен кезде Алла Тағаланың жанында өсіп тұрған ағаштан әлгі адамның есімі жазылған жапырақ үзіліп түседі. Әзірейіл қырық күн мерзім ішінде сол адамның жанын алуға тиіс [8; 408].

Құпия қылып, көңілге бүгіп, атын жасырып тұрған зат пен құбылысты, әдетте, алыстан орағытып, оларға ұқсас, үйлесімді екінші бір зат не құбылысты салыстыру, ұқсату арқылы суреттеуді дәстүрлі «жұмбақ тәсілі» деп атауға болады. Әрбір жұмбаққа түйілген «сыр» — нақтылы зат пен құбылыстың сөз арқылы санамызға қалыптасып қалған бейнесі, образы. Олар қазақ халық әдебиетінің басқа жанрлары іспетті ертеден келе жатқан, көне түрінің санатына жатады [9; 20].

Қытай жұмбақтары мәдени өмірдің кең ауқымын қамтиды, яғни қарапайым ауызша басқатырғыштар мен ішімдік ойындарынан бастап күрделі поэтикалық жаттығуларға дейін. Қытайлық сөз ойындарының иерархиясының жоғарғы сатысында үйлер мен көшелерде ілулі тұрған фантастикалық пішінді қағаз шамдардағы «шам жұмбақтарын» жасау тәжірибесі тұр. Бұл өте күрделі жұмбақтар бұрынғы уақытта мерекенің керемет атмосферасына ықпал етті, тіпті бүгінде олар Гонконг пен Тайвань сияқты елдерде ең ақылды жұмбақтар мен шешушілер үшін бұқаралық ақпарат құралдарының назарын аударады.

Жұмбақтардың жалпылама қытайша атауы — *инь юй*, көбінесе *yin* (隱) деп қысқартылған, сөзбе-сөз «жасырын, абстрактілі тіл» дегенді білдіреді. Қытай энциклопедияларында инь юй өзінің шынайы мағынасын жасырады, мағынасын білдіру үшін басқа терминдермен алмастырып айтылады деген анықтамалар беріледі. Инь юй қазіргі кезде айтылып жүрген *ми юй* (謎) тәріздес. Шығу тегі бойынша ми юй-ден әлдеқайда көне инь юй термині қараңғы, жасырын мағынасы бар өрнектердің үлкен тобына, сондай-ақ метафоралық әңгімелерге және басқа да тұспалдауларға сілтеме жасау үшін қолданылады.

Қытай жұмбақтарының тарихына шолулар, әдетте, «Book of Documents», Цо Чуан «Spring and Autumn Annals» түсініктемесі, «Conversations of the States» және тағы басқалары сияқты әртүрлі тарихи мәтіндердегі қысқаша сынап айтылған сөздерден басталады. «Соғысушы мемлекеттер» кезеңінде (б.з.б. 480-221 ж.ж.) философиялық дискурстың үлкен гүлденуі қарапайым сөз тіркестерінен бастап күрделі логикалық парадокстарға дейінгі вербалды манипуляцияға деген қызығушылықты арттырды.

Вольтер тілдерді білу бір ғана жұмбаққа көптеген анықтамалар береді деген. Бірақ жұмбақ да тіл үйренуге бірталай көмектеседі. Қазіргі уақытта қытай жұмбақтарының алуан түрлері бар, мысалы: 隱語 (yǐn yǔ/инь юй) «жұмбақ; тұспал; шартты тіл; эвфемизм», 謎 (mí/ми) — «жұмбақ, құпия». Қытайлық жұмбақтардың алуан түрлеріне егжей-тегжейлі талдау Қытай зерттеушілерінің еңбектерінде берілген, мысалы, Куай Дашэнь 蒯大申, Ци Хун 祁紅, У Вэнь 武文 және т.б. [10; 101].

Ежелгі Қытай мәдениет саласының ерте Хан поэзиясының Чу Цзы жинағының «Heavenly Questions» бөлімін атап өткен жөн. Бұл мәтін мифтік танымға қатысты стильдендірілген сұрақтарды ұсына отырып, төмендегідей «тауық немесе жұмыртқа» түрінің жұмбақтары ретінде жақсы қабылданатын бірнеше жолдарды қамтиды:

«Нюйуаның (女媧) денесі болды, бірақ оны пішіндеп, сәндеген кім?» [11; 231].

Бұл жұмбақты түсіну үшін біз қытай халқы мифологиясына көз жүгіртуіміз қажет. Нюйуа (女媧 пиньинь Nǚwā) — қытай (даосизм) пантеонының ұлы құдайларының бірі, адамзатты жаратушы, әлемді топан судан құтқарушы және неке құдайы. Мифтерге сәйкес, Нюйуа адамдарды балшықтан мүсіндеген. Нюйуаның бейнесі («әйел», «Уа ана») әр түрлі мәліметтерге сүйеніп қалпына келіп жатыр. Бастапқы образында Нюйуа жер құдайы деп есептеледі, жартылай әйел жартылай жылан бейнесі болуының себебі де осында.

Тек соңғы Хан және Алты династия кезеңдерінде (六朝 Liù Cháo, 220—589) жұмбақ қытай халқы әдебиетінің ерекше жанры ретінде пайда болды. Мысалы, екінші ғасырдың көрнекті қайраткері Кун Цзун (153-208) «бөлу және қайта біріктіру» деп аталатын формада өз атынан жұмбақ құрастырды, кейін қысқа мерзімді Шу патшалығының жанжалды премьер-министрі Чу Ко Лян (181-234), данышпан кеңесшісі ретінде бірнеше жұмбақ мәлімдемелер айтқан [11; 231].

Қытай халқы өз тарихына өте байыппен қарайды. «Қарапайым жұмбақтар» 隱語 yǐn yǔ «жасырын сөйлеу» — тұспалдар мен 隱語 sǐ cǐ «жасырын сөздер» — Чунцю (б.з. д. 770-476/403) және Чжан-го (б. з. д. 476/403–221) кезеңіндегі эвфемизмдерден бастау алған деседі. Профессор Сун Юнчан оңтүстік Сун ақыны 周密 Чжоу Мидің (1232-1298) «Улин астанасының өткен күндерінің істері» кітабының «Шам түрлері» бөлімінен дәйексөз келтіреді: «түрлі-түсті жібекпен қапталған шамдарды алып, оларға қағазға жазылған өлеңдер бекітіледі. Өлең құрамында мазақ пен әзіл бар, түрлі адамдар сипатталады. Жасырын мағыналар — түсініксіз сөздер. Ежелгі астананың әзіл-қалжың сөздері. Өтіп бара жатқан адамдарға күліп көңіл көтереді» [12; 103].

Ай күнтізбесі бойынша жылдың бірінші айының он бесінші күнінде барлық қытайлықтар Юаньсяоцзе (元宵節) мерекесін немесе қарапайым тілмен айтқанда, шамдар мерекесін атап өтеді. Бұл біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырда жазбалары бар өте ежелгі мереке. Ай күнтізбесі бойынша бірінші ай «юань» деп те аталады, ал түн ежелгі уақытта «сяо» деп аталды, сондықтан бірінші айдың он бесінші күні «юаньсяо» деп аталды. Жаңа жылдың келуімен бәрі жаңарады, көктем жақындаған сайын табиғат жанданады. Сондықтан Юаньсяоцзе (元宵節) мерекесі «Шанюаньцзе» («Жыл басы мерекесі») деп те аталады.

Юаньсяоцзе мерекесі екі мың жылдан астам уақыт бұрын Батыс Хань дәуірінде пайда болды. Қытайдың әйгілі тарихшысы Сыма Цянь «Тайчу» күнтізбесін құра отырып, Юаньсяоцзені ерекше атап өтті. Бұл туралы тіпті: «Сун кезінде — күріш шарлары бар сорпа, ал Суй кезінде — шамдары» деп те айтады. Мереке атынан белгілі болғандай, мерекенің басты атрибуты — шамдар. Шамдардың қандай болуы керектігі туралы ережелер мен шектеулер жоқ. Сондай-ақ, осы мерекенің бір ерекшелігі, мерекелік іс-шаралардың ажырамас бөлігі — шамдардағы жұмбақтарды шешу [13; 40].

Н.В. Бочкарёва мен Е.В. Бахтина қытай халқының кейіпкерлері мен мерекелерінің арасындағы байланысына баса назар аударады. Мәселен, қытай халқының дәстүрлі шамдарында жазылған иероглифтік жұмбақтарды шешу — Қытайдың жаңа жылын тойлауын аяқтайтын Юаньсяоцзе фонарь немесе шам мерекесіне тән дәстүрлерінің бірі. Иероглифтік жұмбақтарды шешу — барлық жастағы адамдар үшін қызықты уақыт өткізу түрі. Қазіргі уақытта бұл дәстүр әлі күнге дейін Қытайдың көптеген жерлерінде қолданылады» [10; 101].

Шам жұмбақтар үш міндетті элементтен тұрады: сөз, тұспал және шешуі. Тұспал жұмбақ шешуін табуға көмектеседі. Құрастыру кезінде «сегіздік сұлулығы» принциптерін ұстану керек: айқындық, заңдылық, сендірерлік, анықтық, иероглифтерге сәйкестік, рифма, табиғилық және толықтық. Сондай-ақ, екі шектеу бар. Біріншіден, ашық ақпарат мен сөздерді пайдалануға болмайды — бұл жазушының төмен деңгейін көрсетеді. Екіншіден, жұмбақтың шешуінде кездесетін иероглифтер жұмбақтың мәтінінде кездеспеуі керек. Көптеген классикалық жұмбақтар қытай кейіпкерлеріне, идиомаларға, тарихи тұлғаларға немесе қалалар мен басқа да орындардың атауларына сілтеме жасайды [13; 44].

Мысалы:

一年四季是春天 打一城市名。Yī nián sì jì shì chūntiān, dǎ yī chéngshì míng. Мұнда көктем жылына төрт мезгіл болады. Қала атын тап. (Чанчунь) (Қытайдың солтүстік-шығысындағы Цзилинь провинциясының астанасы. Қытайша «长(cháng)» сөзі «үнемі» деп аударылуы мүмкін, ал «春(chūn)» дегеніміз «көктем»)

用acdehijlnp几个字母组成四个国家名字,每个国家名必须包含5个字母,且这个四个国家必须是邻国。Төрт елдің аттарын жазу үшін acdehijlnp 10 әрпін пайдаланыңыз. Әр атау бес әріптен тұруы керек, ал төрт ел көрші болуы керек. (Japan, China, Nepal, India)

Ежелгі дәуірден бастап Қытайда белгілі 猜字谜 (cāi zì mí/цай цзы ми) — «иероглифтік жұмбақтарды шешу», қазіргі уақытта иероглифтерді зерттеудің қызықты және нәтижелі тәсілдерінің бірі. Иероглифтік жұмбақтар 字谜 (cāi zì mí/цай цзы ми) — жазу ерекшеліктеріне байланысты қытайлық мәдени-тілдік құбылыс. Мұндай жұмбақтар иероглифті оның құрамдас бөліктеріне жекелеп талдау арқылы жасалады.

Қытай халқы балаларына иероглифтерді мүмкіндігінше ертерек үйретуге тырысады. Сондықтан иероглифтік жұмбақтар қытайлық мектеп оқушылары мен студенттерінің арасында өте танымал.

不见愚公移山, 只见智叟生病: 看它皮包骨头, 好似麻绳搓成 bú jiàn Yú Gōng yí shān, zhǐ jiàn Zhì Sǒu shēng bìng; kàn tā pí bāo gǔ tóu, hǎo sì má shéng cuō chéng. «Тауларды жылжытқан Қарапайымды (Юй Гун) көре алмайсың, тек Ақылдыны (Чжи Соу) көре аласың, түріне қара — құр сүйек, бұралған кендір арқанға ұқсайды». Жұмбақ дәстүрлі қытай мәдениетін білуді талап етеді. Жұмбақ төрт бөліктен тұрады, тек екінші бөлімде ғана қалаған иероглифтің графикасы туралы түсінік бар: 叟生病 sǒu shēng bìng/соу шен бин. 叟 sǒu/соу «қарт» дегенді білдіреді. Бұл оның қытай лақап атының оң жағындағы 智叟 Zhì Sǒu «Дана қарт» (В.В. Малявин аудармасы — «Ақылды»). 叟 sǒu/соу иероглифін 疒 «ауру» кілтімен біріктіру керек. Ол 病 bìng/бин «ауру» иероглифі арқылы көрсетіледі. Жұмбақтың 3 және 4 бөліктері «арық» деген мағыналы иероглифті көрсетеді. Жауабы 瘦 shòu/шоу иероглифі «жіңішке, арық, әлсіреген; арықтау, жүдеу».

东汉 dōnghàn/дун хань. Бір қарағанда «Шығыс Хан әулеті (25-220 ж.ж.)». Ал бұл жерде: «Шығыс — оң жақ — 汉 hàn иероглифінің бөлігі». Бұл иероглиф 又 yòu «қайтадан, тағы; тағы бір рет» дегенді білдіреді [14; 108].

五个兄弟生在一起 有骨有肉, 长短不齐 Wǔ gè xiōngdì, shēng zài yìqǐ, yǒu gǔ yǒu ròu, chángduǎn bù qí. Әр отбасында кем дегенде бір, бірақ бүкіл елде бірнеше жүз ғана бар. Бұл жерде бізге Қытай Халық Республикасы халқының ерекшеліктері туралы ақпарат қажет, мұнда ресми тізімдер бойынша екі миллиардқа жуық халыққа бірнеше жүз ғана туу көрсеткішіне сәйкес келеді. Бұл ерекше ақпаратты білетіндер осы жұмбақтың жауабын оңай табады — «тегі» (姓 Xìng/Син).

Қытайлық иероглифтік жұмбақтардың кейбір түрлері қазақи әріптік жұмбақтарға өте ұқсас.

Мысалы, бұл жұмбақтар қытай тілінен аударылған:

«Тан мен Юй-да бар, бірақ Яо мен Шунь-да жоқ,

Шан мен Чоу-да бар, бірақ Тан мен У-да жоқ.»

Қытай жұмбағындағы жалқы есімдер белгілі әулеттерге немесе әйгілі тұлғаларға қатысты. Жұмбақтың шешімі екі жолдың алғашқы бөліктеріндегі Тан, Юй, Шан және Чоу иероглифтерінің құрамдас бөлігі ретінде «ауыз» дегенді білдіретін кішкентай шаршыға ие екендігіне негізделген, ал басқа иероглифтерте, бұл компонентті қамтымайды.

Қытай халқының өмірінде жан-жануар әлемі маңызды орын алады. Олар қытай халқы ерекше қастерлейтін табиғаттың бір бөлігі ғана емес, сонымен бірге символдық мағынаға ие.

Мысалы:

家在中国 住在山哩

模样可爱, 爱吃竹子。(熊猫)

*Ол Қытайда тұрады, тауларда мекендейді,
Бамбук тістеген бет-әлпеті сұлу жан. (Панда)*

*採花娘 採花娘
身穿花衣裳
口中甘如蜜
常住百花鄰 (蝴蝶)*

*Гүл терген қыз, гүл терген қыз,
Гүлді киім киеді,
Аузында балдай тәтті дәм.
Өзі Жүз-Гүлді-Ауылды қоныстайды. (Көбелек)*

*«Патшайым У Цзетян
Бізді күлге айналдырды,
Сонда да біз жыл сайын
Қанық түске боялдық» (Пион гүлдері)*

Патшайым **У Цзетян** — Қытай тарихында маңызды орын алған ерекше тұлға. Ол императорлық Қытайдағы жалғыз әйел билеуші және оның қытай тарихындағы мәртебесі мен жетістіктерін дәстүрлі және қазіргі тарихшылар әлі күнге дейін талқылап келеді. Аңыздардың бірінде Тан әулетінің патшайымы У Цзетян қыс бойы жүз гүлді мәжбүрлеп гүлдеуіне бұйрық берген, бірақ пион гүлдемейтін жалғыз гүл болған. Патшайым ашуланып, пионды Чанань астанасынан Луоян қаласына қуып жіберді. Пиондар Лоянға жеткенде гүлдеп жайнап сала берді. Бұны білген У Цзетян барлық пиондарды өртеуге бұйрық береді, бірақ олардың барлығы өртенгеніне қарамастан, келесі жылы қайтадан гүлдейді [14; 80].

*« 駝背老婆婆，耳聾牙齿多。
天天爬山，草儿齿间吐。*

*«Өркеш кемпір, саңырау, көп тісті.
Күн сайын Маошаньға көтерілгенде, шөп тістерінің арасынан өтеді»*

Жауабы күнделікті өмірде қолданатын тарақ (梳子). Маошань тауы даосизм тарихында маңызды рөл атқарады. Мұнда шамамен 370 жылы даос мектебінің негізін қалаушы Шанцин Си Ян адамдардың үлкен қоныстарынан алыс монахтардың тұрғылықты жерін салып, сол жерде өзінің шәкірттерімен бірге тұрды. Көп ұзамай тау қажылық орнына айналды, ғибадатхана кешені салынды.

Түрлі халықтың санасының стереотиптері фольклорда әр түрлі бейнелермен сипатталады. Қытай халқының есімдерінде кез келген зат немесе құбылыстың атауы кездеседі. Әйел мен ер адамның есімдерінің арасында өзара айырмашылық бар.

Қытай жұмбақтарында жалқы есім жұмбақтың сұрағына қарағанда шешуінде жиі кездеседі. Ян Лайган құрастырған «一人趣味谜1000条» Қытай жұмбақтар жинағын талдау барысында 1000 жұмбақтың 130 жұмбақтың құрамында жалқы есімдер кездеседі. Олар белгілі адамдардың немесе әдеби кейіпкерлердің атаулары болып келеді.

Мысалы: «*关羽古城遇张飞一叔仲会*». Гуань Юй Чжан Фэйді ескі қалада кездестірді. Чжан Фэй — Үш патшалық дәуірінің әйгілі қолбасшысы, Гуан Юй — Үш патшалық дәуіріндегі Шу патшалығының әскери қолбасшысы және ортағасырлық «Үш патшалық» романының басты кейіпкерлерінің бірі. Аңыз бойынша, Хань дәуірінің соңында Лю Бэй, Гуан Юй және Чжан Фэй бір-біріне ант беріп, ағайынды атанды.

Қытай жұмбақ мәтініндегі жалқы есім белгілі әдеби шығармаға, тарихи фактіге немесе мифке сілтеме жасайды. Көбінесе бұл классикалық әдебиеттің, нақты тарихи тұлғаның немесе Құдайдың белгілі бір кейіпкерінің есімі.

Қорытынды

Мақалада қазақ және қытай жұмбақтарының құрамында кездесетін жалқы есімдердің этнолингвистикалық сипаты және ұлттық менталитеті жан-жақты қарастырылды.

Қазақ және қытай жұмбақтарының мазмұны, тақырыптық жағынан алып қарағанда, өзіндік ерекшеліктері бар. Сондықтан ұқсастығын және айырмашылықтарын анықтадық: екі тілде де жұмбақтар тақырыптық жағынан ұқсас келеді. Атап айтқанда, адам және оның тіршілігі, табиғат,

жаратылыс көріністері, жан-жануарлар әлемі; екі тілдегі жұмбақтардың сөз жасамы, құрылымы әр түрлі болып келеді. Мәдениет пен өмірлік ұстанымдары, наным-сенімдері, діні мен тілі әр түрлі болғандықтан, жұмбақтың шешуі де халықтың дүниетанымына байланысты. Мысалы, қазақ тілінде қара жұмбақтар, айтыс жұмбақ сияқты түрлері болса, қытай жұмбақтары арнайы мереке кезінде айтылатын шам жұмбақтар, иероглифтік жұмбақтар т.б. кездеседі; қытай жұмбақтарында жалқы есім жұмбақтың сұрағына қарағанда шешуінде жиі кездеседі. Жалқы есімдердің прагматикасын зерттеу лингвистер мен әдебиетшілерге, журналистер мен тарихшыларға, басқа да мамандарға қажет.

Ерте заманнан бастау алған, жұмбақтар бүгінде де керекті қасиетін жоймай, бүгінгі өмірімізден маңызды орын алады. Зерттеу жұмысымызда жұмбақтың қоғам өмірінің кез келген саласында кездесетіндігін, оның көркемдік және тілдік-стильдік жағынан сан алуан болатынына, халықтың тарихы мен мәдениетімен етене байланыстығында екендігіне көз жеткіздік. Ал бұл жұмбақтарды әлі де терең зерттеуді қажет ететіндігін, оның танымдық-тәрбиелік мәні зор екендігін көрсетеді.

Әдебиеттер

- 1 Оңғарбай Н.Б. Қазақ жұмбақтарының тілі (этнолингвистикалық зерттеу) / Н.Б. Оңғарбай. — Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. — 188 б.
- 2 Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті: оқу құралы / М. Ғабдуллин. — Алматы: «Рауан» баспасы, 2013. — 456 б.
- 3 Mirsamadova S.E. Linguo-cultural study of riddles on fish, reed, rooster in Uzbek, Chinese and English / S.E. Mirsamadova // International journal of academic pedagogical research. — 2020. — Vol. 4, N 11. — P. 55-58.
- 4 Мәдиева Г.Б. Ономастиканың теориясы мен практикасы / Г.Б. Мәдиева, С.Қ. Иманбердиева. — Алматы: ІС-Сервис, 2015. — 270 б.
- 5 Ісләмжанұлы К. Рухани уыз: Көпшілік оқырман қауымға арналған / К. Ісләмжанұлы. — Алматы: Ана тілі, 1995. — 144 б.
- 6 Қартаева Т. Су культі : анықтамалық / Т. Қартаева, Г. Бексеитов, Е. Оспанов. — Алматы: Қазақ университеті, 2018. — 158 б.
- 7 Шамшәдин К. Қазақ жұмбағы / К. Шамшәдин. — Алматы: Арыс баспасы, 2007. — 272 б.
- 8 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. / Жауапты шығарушы Т. Әкімова. — Астана: Фолиант, 2010. — Т. 64: Жұмбақтар. — 432 б.
- 9 Оңғарбаева Н.Б. Жұмбақтар сыры және халықтық дүниетаным / Н.Б. Оңғарбаева // ҚР ҒА Хабарлары. — 1992. — № 5. — 19-23 б.
- 10 Бочкарёва Н.В. Разгадывание иероглифических загадок как один из продуктивных методов изучения китайской письменности / Н.В. Бочкарёва, Е.В. Бахтина // Изв. Вост. ин-та. — 2015. — Т. 2, № 26. — С. 100–105.
- 11 Hasan-Rokem G. Untying the knot on riddles and other enigmatic modes / G. Hasan-Rokem, D. Shulman. — New York: Oxford University Press, 1996. — 320 p.
- 12 Мышинский А.Л. Семантические и семиотические особенности иероглифических загадок / А.Л. Мышинский // Уральское востоковедение. — 2020. — № 10. — С. 101–111.
- 13 Хуан П. Китайские традиции и обычаи / П. Хуан; пер. с кит. В.В. Николаева. — М.: ООО Международная издательская компания «Шанс», 2018. — 271 с.
- 14 Wan-Hsuan C. Flowers in the mirror: an exploration into the 19th century Chinese psyche regarding women in power through the novel Jinghua yuan: a sub-thesis for the degree of master of arts: “Asian Studies” / C. Wan-Hsuan. — Canberra, 2007. — 120 p.

Г.К. Кортабаева, Ж.Е. Муратбекова

Этнолингвистическая характеристика загадок в казахском и китайском языках

Загадка — древний жанр, выражающий богатый опыт народной жизни, эстетический и этический взгляд на мир. Чтобы описать природу загадки, давно окутанной бытием народа, передаваемой из поколения в поколение, необходимо сначала глубоко понять национальное мировоззрение. Благодаря разнообразной информации, которая встречается в процессе решения загадок, человек совершенствует свои знания и мыслительный процесс. Основная цель данной статьи — этнолингвистическое описание загадок с именами собственными на казахском и китайском языках. В качестве методов исследования использовались следующие: дифференциация, классификация и систематизация источников

и материалов на казахском и китайском языках. Результаты исследовательской работы показали, что проблема анализа имен собственных в структуре казахских и китайских загадок тесно связана с пониманием специфики имен собственных, с национальным менталитетом, знаниями, определяемыми межкультурной коммуникацией, с обозначением фольклорных особенностей. Имена собственные имеют в каждом народе свои особенности. Имена собственные встречаются как в загадках, так и в пословицах и фразеологизмах. Они передают не только прямое, но и переносное, производное и символическое значения.

Ключевые слова: загадка, ономастика, менталитет, иероглиф, метафора, имена собственные, переносные, производные и символические значения.

G.K. Kortabayeva, Zh.Y. Muratbekova

Ethnolinguistic nature of riddles in Kazakh and Chinese languages

Riddle is an ancient genre expressing the rich experience of folk life, aesthetic and ethical view of the world. To describe the nature of the riddle, long shrouded in the existence of the people, passed down from generation to generation, it is necessary first to deeply understand the national worldview. Thanks to the diverse information that is found in the process of solving riddles, a person improves his knowledge and thought process. The main purpose of this article is an ethnolinguistic description of riddles with proper names in Kazakh and Chinese languages. The methods of differentiation, classification and systematization of sources and materials in the Kazakh and Chinese languages were used as a research method. The results of the research work showed that the problem of analyzing proper names in the structure of Kazakh and Chinese riddles is closely related to understanding the specifics of proper names, with national mentality, knowledge determined by intercultural communication, with the designation of folklore features. Proper names have their own characteristics in each nation. Proper names are found in riddles, as well as in proverbs and phraseological units. They also manifest themselves in overflowing figurative, derivative and symbolic meanings.

Keywords: riddle, onomastics, mentality, hieroglyph, metaphor, proper names, figurative, derivative and symbolic meanings.

References

- 1 Ongarbai, N.B. (2012). Qazaq zhumbaqtarynyn tili (etnolingvistikalyq zertteu) [The language of Kazakh riddles (ethnolinguistic research)]. Almaty: Memlekettik tildi damytu instituty [in Kazakh].
- 2 Gabdullin, M. (1974). Qazakh khalkynyn auyz adebiyeti [Oral literature of the Kazakh people]. Almaty: Mektep [in Kazakh].
- 3 Mirsamadova, S.E. (2020). Linguo-cultural study of riddles on fish, reed, rooster in Uzbek, Chinese and English. *International journal of academic pedagogical research*, 4(11), 55-58.
- 4 Madieva, G.B., & Imanberdieva, S.K. (2015). Onomastikany teoriyasy men praktikasy [Theory and practice of onomastics]. Almaty: IC-Servis [in Kazakh].
- 5 Islamzhanuly, K. (1995). Rukhani uyz: Kopshilik oqyrman qauymga arnalgan [Spiritual colostrum: intended for the general readership]. Almaty: Ana tili [in Kazakh].
- 6 Kartaeva, T., Bekseitov, G., & Ospanov, E. (2018). Su kulti: anyqtamalyq [Water Cult: A Handbook]. Almaty: "Qazaq universiteti" [in Kazakh].
- 7 Shamshadin, K. (2007). Qazaq zhumbagy [Kazakh riddle]. Almaty: Arys baspasy [in Kazakh].
- 8 Akimova, T. (Ed.). (2010). Babalar sozi [Words of ancestors]. (Vols. 1-100). Vol. 64. Astana: Foliant [in Kazakh].
- 9 Ongarbaeva, N.B. (1992). Zhumbaqtar syry zhane khalyktyq dunietyanym [The secret of riddles and folk worldview]. *Qazaqstan Respublikasy Gylm Akademiiasy khabarlary — News of Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan*, 5, 19-23 [in Kazakh].
- 10 Bochkaryova, N.V., & Bahtina, E.V. (2015). Razgadyvanie ieroglificheskikh zagadok kak odin iz produktivnykh metodov izucheniia kitaiskoi pismennosti [Solving hieroglyphic riddles as one of the productive methods for studying Chinese writing]. *Izvestiia Vostochnogo instituta — News of the Oriental institute*, 2, 26, 100–105 [in Russian].
- 11 Hasan-Rokem, G. & Shulman D. (1996). Untying the knot on riddles and other enigmatic modes. New York: Oxford University Press.
- 12 Myshinskii, A.L. (2020). Semanticheskie i semioticheskie osobennosti ieroglificheskikh zagadok [Semantic and semiotic features of hieroglyphic riddles]. *Uralskoe vostokovedenie — Ural Oriental Studies*, 10, 101–111 [in Russian].
- 13 Huan, P. (2018). Kitaiskie traditsii i obychai [Chinese traditions and customs]. (V.V. Nikolaev, Transl.). Moscow: OOO «Mezhdunarodnaia izdatelskaia kompaniia "Shans"» [in Russian].

14 Wan-Hsuan, C. (2007). Flowers in the Mirror: an exploration into the 19th century Chinese psyche regarding women in power through the novel Jinhua yuan: a sub-thesis for the degree of master of arts “Asian Studies”. Canberra.

Information about authors

Kortabayeva, G.K. — Candidate of Philological Sciences, Docent, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. Corresponding author’s e-mail: turki_alemi@mail.ru.

Muratbekova, Zh.Y. — Master’s Degree Student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: mzhanel583@gmail.com.

Buketov University